

Анықтама

Мектеп кітапханасында 8 сынып оқушыларының қатысуымен ағымдағы жылдың 26 қаңтар күні «Өлеңнің тау тұлғасы- Қадыр ақын» атты шығармаларын оқу сағаты өтті.

Мақсаты: Қадыр Мырза Әлі – қазақ әдебиетінің классигі, ұлт руханиятының ұлы тұлғаларының бірі. Бұл оқу сағаты жазушының өмірі мен шығармашылық жолдарын, адамгершілік, ақындық қасиеттерін таныту және тіл шеберлігін ұғындыру, оқушылардың ой тұжырымдарын, әдеби тіл байлықтарын, есте сақтау қабілеттерін, көркем сөз оқу шеберлігін дамыту, өлеңдерінің терең мағынасын ұғындыру, жастарды патриоттық тәрбиеге баулуға бағытталған.

Кітапханашы алдымен оқу сағатына кіріспе сөз жасап, кітапханада ұйымдастырылған “Өлеңнің тау тұлғасы-Қадыр ақын” атты кітап көрмесімен таныстырды.

Жазушының әр бір шығармасына тоқтала отырып, қысқаша мағлұматтар беріп, кітаптар аннотациясымен таныстырды.

Сонан соң оқырмандар бейнепроектордан Қадыр Мырза Әлінің өмірі мен шығармашылық жолын, Қадыр Мырза Әлінің туған жері, шыққан жері туралы бейнебаяннан тамашалап, толық мағлұмат алды.

Қадыр ағамыздың қай өлеңі болмасын ең алдымен жас ұрпақты тәрбиелеуде олардың көзқарасы, іс-әрекеті, ақыл-парасатына ықпал етуге бағытталған. Қадыр шығармаларымен таныс болған әрбір ұрпақ өзінің тегі кім, ұлты кім, халқы кім екенін анық сезінері хақ. Қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, мәдениетін кеңінен дәріптеді-деп айта отырып жазушының өмірі мен шығармашылық жолына мағлұмат бере отырып “Халық”, “Қаладағы қартайғат ит” атты өлеңдерін оқыды.

Оқырман Шаһмардан Сайранов жазушының “Алмас жерде қалмас” атты кітабынан көптеген афоризмдерін оқыса, оқырмандар Анель, Дәурендер жазушының “Жерұйық” атты жыр кітабынан “Шежіре шаһар”, “Дүбірлі дала”, “Алатау”, “Атырау” өлеңдерін нақышына келтіріп оқыды.

Иә, Қадыр атамыздың өмірден өткеніне аз уақыт болса да, оның мәңгілік өлмейтін өмірі енді ғана басталды. Қазақ бар да Қадыр бар. Оның асыл сөздері өз дәуірінің және болашақтың үніне айналды.

